

МАЗМҰНЫ

1. КІРІСПЕ	240
1.1 Жақшадағы әріптер.....	240
1.2 Ақаулықтарды жою және жөндеу	240
2. СИПАТТАМА.....	240
2.1 Құрылғының сипаттамасы	240
2.2 Басқару тақтасының сипаттамасы	240
2.3 Қосымша құралдардың сипаттамасы	240
2.4 Шамдардың сипаттамасы	240
3. ПАЙДАЛАНБАС БҰРЫН	241
3.1 Құрылғыны тексеру	241
3.2 Құрылғыны орнату	241
3.3 Құрылғыны жалғау	241
3.4 Құрылғы параметрлерін орнату... ..	241
4. ҚҰРЫЛҒЫНЫ ІСКЕ ҚОСУ	242
5. ҚҰРЫЛҒЫНЫ ӨШІРУ	242
6. СУ ҚАТТЫЛЫҒЫН ОРНАТУ	242
7. АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ ӨШІРУ	242
8. ҚҰАТ ҮНЕМДЕУ	242
9. ТЕМПЕРАТУРАНЫ ОРНАТУ	243
10. СУ ЖҰМСАРТҚЫШ СҮЗГІ.....	243
10.1 Сүзгіні орнату	243
10.2 Су жұмсартқыш сүзгіні алу және ауыстырып салу	244
11. RINSING (ШАЮ)	244
12. КОФЕ ДӘНДЕРІНЕН КОФЕ ЖАСАУ	244
12.1 Кофе дәмін таңдау.....	244
12.2 Кофе тартқышты реттеу	244
12.3 Ыстығырақ кофе алу туралы кеңестер	245
12.4 Кофе құю	245
13. ТАРТЫЛҒАН КОФЕДЕН КОФЕ ЖАСАУ ..	245
13.1 Кесеге құйылатын мөлшерді таңдау	246
14. КАППУЧИНО ЖАСАУ	246
14.1 Каппучино жасағышты пайдаланып болған соң тазалау	247
15. ЫСТЫҚ СУ ҚҰЮ	247
16. ТАЗАЛАУ	247
16.1 Құрылғыны тазалау	247
16.2 Ішкі айналымды тазалау	248
16.3 Тартылған кофе ыдысын тазалау	248
16.4 Тамшы науасын және су жиналу науасын тазалау	248
16.5 Құрылғының ішін тазалау	248
16.6 Су ыдысын тазалау	248
16.7 Кофе шүмектерін тазалау	249
16.8 Тартылған кофе воронкасын тазалау	249
16.9 Демдеу торын тазалау	249
17. ҚАҚ ТАЗАЛАУ	249
18. СУ ҚАТТЫЛЫҒЫН ОРНАТУ	250
18.1 Су қаттылығын өлшеу	250
18.2 Су қаттылығын орнату	251
19. ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР	251
20. АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ	253

Құрылғыны пайдаланбас бұрын әрқашан қауіпсіздік ережелерін оқып алыңыз.

1. КІРІСПЕ

Осы дәннен эспрессо және капучино жасау құрылғысын таңдағаныңызға рахмет. Жаңа құрылғыңызды рахатыңызға пайдаланасыз деп үміттенеміз. Осы пайдалану нұсқаулығын оқып шығуға бірнеше минут бөліңіз. Бұл барлық қауіп-қатерлер мен құрылғының зақымдануының алдын алады.

1.1 Жақшадағы әріптер

Жақша ішіндегі әріптер 2-3-беттердегі "Құрылғы сипаттамасы" бөліміндегі шартты белгілерге сілтейді.

1.2 Ақаулықтарды жою және жөндеу

Проблемалар болған жағдайда, алдымен оларды келесі бөлімдерде көрсетілген ақпаратты оқу арқылы шешіп көріңіз: "20. Шамдар түсіндірмесі" және "21. Ақаулықтарды жою".

Егер проблема осылай шешілмесе және қосымша ақпарат талап етсеңіз, "Тұтынушыларды қолдау қызметі" қосымша парағында берілген нөмірге қоңырау шалу арқылы тұтынушыны қолдау қызметімен хабарласыңыз.

Егер еліңіз берілген елдер тізімінен табылмаса, кепілдікте берілген нөмірге қоңырау шалыңыз. Егер жөндеу қажет болса, De'Longhi тұтынушыны қолдау қызметтерімен ғана хабарласыңыз. Мекенжайлар құрылғымен бірге берілген кепілдік куәлігінде берілген.

2. СИПАТТАМА

2.1 Құрылғының сипаттамасы

(3-бет, A)

- A1. Дәндер ыдысының қақпағы
- A2. Тартылған кофе воронкасының қақпағы
- A3. Дәндер ыдысы
- A4. Тартылған кофе воронкасы
- A5. Тартуды реттеу деңгелегі
- A6. Басты қосқыш
- A7. Су ыдысы
- A8. Демдеуіш қақпағы
- A9. Демдеу торы
- A10. Қуат сымы
- A11. Кофе шүмектері (биіктігі реттеледі)

- A12. Су жиналатын науа
- A13. Тартылған кофе ыдысы
- A14. Тамшы науасы
- A15. Тамшы науасының торы (*тек кейбір үлгілерде)
- A16. Тамшы науасындағы су деңгейінің көрсеткіші
- A17. Кесе науасы
- A18. Капучино жасағыш (алынбалы)
- A19. Ыстық су және бу қосылымы шүмегі (алынбалы)
- A20. Капучино жасағыштың таңдау деңгелегі (*тек кейбір үлгілерде)
- A21. Бу/ыстық су тетігі
- A22. Кесе текшесі

2.2 Басқару тақтасының сипаттамасы

(2-бет, B)

- B1. Шамдар
- B2. ☕: "Espresso" (1 кесе эспрессо) кофесі шамды түймесі
- B3. ☕: "2xEspresso" (2 кесе эспрессо) кофесі шамды түймесі
- B4. ☕: шамды бу түймесі
- B5. ☕: шаю түймесі
- B6. Дәм/алдын ала тарту функциясын таңдау деңгелегі
- B7. ⏻: On/Standby (Қосу/Күту режимі) түймесі
- B8. ☕: "Coffee" шамды түймесі
- B9. * Әр үлгіде әртүрлі болады:
 - ☑: "Long" (Ұзын кесе) шамды түймесі
 - ☕: "Doppio+" (Доппио+) шамды түймесі

2.3 Қосымша құралдардың сипаттамасы

(2-бет, C)

- C1. Индикатор қағазы
- C2. Тартылған кофе өлшеуіші
- C3. Қақ тазалағыш
- C4. Су жұмсартқыш сүзгі (тек кейбір үлгілерде)

2.4 Шамдардың сипаттамасы



Басқару тақтасында дабыл көрсетіледі ("21. Ақаулықтарды жою" бөлімін қараңыз).



Тұрақты жанады: кофе қоюына арналған ыдыс салынуы тиіс; Шам жыпылықтаса: кофе қоюына арналған ыдыс толған және ол босатылуы тиіс.



Шам тұрақты жанса: су ыдысы жоқ;
Шам жыпылықтаса: ыдыста жеткілікті су жоқ.



Шам жыпылықтаса: құрылғы қақтан тазалануы тиіс ("17. Қақ тазалау" бөлімін қараңыз).
Шам тұрақты жанса: құрылғы қақ тазалау циклін орындауда.

Барлық шамдардың сипаттамаларын "20. Шамдар түсіндірмесі" бөлімінен қараңыз.

3. ПАЙДАЛАНБАС БҰРЫН

3.1 Құрылғыны тексеру

Орамды ашқан соң, құрылғы бөлшектерінің түгелдігін, зақымданбаған және барлық керек-жарақтардың (С) болуын тексеріңіз. Егер құрылғының зақымданғаны көрініп тұрса, оны пайдаланбаңыз. De'Longhi тұтынушыларды қолдау қызметтерімен хабарласыңыз.

3.2 Құрылғыны орнату



Маңызды!

Құрылғыны орнатқан кезде, мына қауіпсіздік туралы ескертулерге назар аударуыңыз керек:

- Құрылғы қызу береді. Құрылғыны пайдаланылатын жерге орналастырған соң, құрылғының беттері мен бүйірдегі және арттағы қабырға арасына 3 см, ал кофе жасағыштың үстіне 15 см бос орын қалдырыңыз.
- Құрылғыны шүмектерге немесе раковиналарға жақын қоймаңыз. Құрылғыға кірген су оны зақымдауы мүмкін.
- Құрылғыдағы су қатып қалса, ол зақымдануы мүмкін. Бұл құрылғыны температурасы нөлден төмен түсуі мүмкін бөлмеге орнатпаңыз.
- Қуат сымын (A10) қыры өткір немесе беті ыстық заттарға тимейтіндей етіп жүргізіңіз (мысалы, электрлік ыстық плиталар).

3.3 Құрылғыны жалғау



Маңызды!

Розетка қуаты кернеуінің құрылғы астындағы мәліметтер тақтасында көрсетілген кернеуге сәйкестігін тексеріңіз.

Құрылғыны тек жерге тиімді жолмен тұйықталған және ток қуаты кемінде 10 А болатын розеткаға қосыңыз.

Егер розетка қуаты құрылғыдағы қуатқа сәйкес болмаса, тиісті розетка түрін білікті маманға ауыстыртыңыз.



3.4 Құрылғы параметрлерін орнату




Ескеріңіз:

- Құрылғыны зауытта тексерген кезде кофе пайдаланылды, сондықтан, кофе тартқышта кофе іздері қалса, бұл – қалыпты нәрсе. Дегенмен, бұл құрылғының жаңа екеніне кепілдік беріледі.
- Судың қаттылығын "18. Су қаттылығын орнату" бөліміндегі нұсқауларға жүгіне отырып, тез арада реттеңіз.

Келесі әрекетті орындаңыз:

1. Құрылғыны розеткаға қосып, құрылғының артындағы басты қосқыштың (A6) I күйінде тұрғанына көз жеткізіңіз (1-сурет).
2. Басқару тақтасында (B)  шамы жыпылықтайды. Су ыдысын алып шығарыңыз (A7) (2-сурет), таза суды MAX сызығына дейін толтырыңыз (3A сур.), сосын құрылғыға қайта салыңыз (3B сур.).
3. Басқару тақтасында  түймесі (B4) (4-сурет) жыпылықтайды.
4. Сыйымдылығы кемінде 100 мл болатын ыдысты капучино жасағыш (A18) астына қойыңыз (5-сурет).
5. Бу/ыстық су дөңгелегін (A21) "I" күйіне (6-сурет) бұраңыз. Сусын түймелері жыпылықтайды және капучино жасағыштан су құйылады.
6. Ағу автоматты түрде тоқтаған кезде, бу тетігін "0" қалпына бұраңыз.

Құрылғы сөнеді.

Оны пайдалану үшін  түймесін (B7) басыңыз (7-сурет).



Ескеріңіз:

- Құрылғыны бірінші рет пайдаланған кезде, ол қанағаттанарлық нәтижені 4-5 кесе кофе жасағаннан кейін береді.
- Кофенің рахатын одан бетер күшейту және құрылғының тиімділігін жақсарту үшін, біз "10. Су жұмсартқыш сүзгі" бөлімінде

сипатталғандай, су жұмсартқыш сүзгіні (С4) орнатуды ұсынамыз. Егер сіздегі үлгі сүзгімен келмесе, оны De'Longhi тұтынушыларды қолдау орталығынан талап ете аласыз.


4. ҚҰРЫЛҒЫНЫ ІСКЕ ҚОСУ

Ескеріңіз:

- Құрылғыны іске қоспас бұрын, құрылғының артындағы басты қосқыштың (А6) I күйіне екеніне көз жеткізіңіз (1-сурет).
- Бу/су дөңгелегі (А21) 0 күйінде болуы тиіс.
- Құрылғы іске қосылған сайын, ол кедергі жасауға болмайтын алдын ала қыздыру және шаю циклін автоматты түрде орындайды. Құрылғы тек осы цикл аяқталған соң ғана пайдалануға дайын болады.

Күйіп қалу қаупі бар!

Шаю барысында кофе шүмектерінен (А11) шамалы су шығады және төмендегі тамшы науасына (А14) жиналады. Ыстық су шашырандысынан абай болыңыз.

- Құрылғыны іске қосу үшін  түймесін (В7) (7-сурет) басыңыз. Басқару тақтасындағы (В) "Кофе" түймелері (В2), (В3), (В8) (В9) құрылғының қызып жатқанын көрсету үшін жыпылықтайды.

Қызу кезінде құрылғы шаю циклін орындайды. Ыстық су айналымының әсерінен су қайнату бөлігімен қоса, бұл ішкі ағын түтіктерін де қыздырады.


Басқару тақтасындағы кофе түймелері тұрақты жанған кезде, құрылғы тиісті температурада болады.

5. ҚҰРЫЛҒЫНЫ ӨШІРУ

Құрылғы кофе жасау үшін пайдаланылғаннан кейін кез келген уақытта ол автоматты шаю процесін орындайды.

Күйіп қалу қаупі бар!


Шаю барысында кофе шүмектерінен (А11) аздап ыстық су шығады және төмендегі тамшы науасына жиналады. Ыстық су шашырандысынан абай болыңыз.

- Құрылғыны өшіру үшін  түймесін (В7) (7-сурет) басыңыз;

- егер құрылғыда шаю функциясы болса, ол шаю циклін орындап барып өшеді (күту режиміне өтеді).

Ескеріңіз!

Құрылғыны біраз уақыт бойы пайдаланбайтын босаңыз, розеткадан ажыратыңыз:

- алдымен құрылғыны  түймесін басу арқылы өшіріңіз;
- басты қосқышты (А6) "0" күйіне басыңыз.

Маңызды!

Құрылғы іске қосулы болған кезде басты қосқышты ешқашан баспаңыз.




6. СУ ҚАТТЫЛЫҒЫН ОРНАТУ
















Су қаттылығын орнату туралы нұсқауларды "18. Су қаттылығын орнату" бөлімінен көріңіз

7. АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ ӨШІРУ

Уақытты құрылғы 15 немесе 30 минуттан немесе 1, 2 немесе 3 сағаттан кейін өшірілетін етіп өзгертуге болады.

Авто өшіру функциясын өзгерту үшін, мына әрекеттерді орындаңыз:

1. Құрылғы өшірулі (күту режимінде) болғанда және негізгі қосқыш (А6) I күйінде (1-сурет) болған кезде,  /  түймесін (В9) басқару тақтасындағы шамдар (В1) жанғанша басып тұрыңыз;
2. Қажетті уақытты  түймесін (В2) басу арқылы таңдаңыз:

	15 мин
 	30 мин
  	1 сағат
   	2 сағат
    	3 сағат










3. Растау үшін  /  түймесін (В9) басыңыз. Шамдар сөнеді.

Одан кейін автоматты өшіру уақыты бағдарламаланады.

8. ҚҰАТ ҮНЕМДЕУ

Бұл функцияны қуат үнемдеу мүмкіндігін қосу немесе өшіру үшін пайдаланыңыз. Бұл режим

іске қосылған кезде, ағымдағы Еуропалық ережелерге сай қуат тұтыну мөлшері азаяды.

1. Құрылғы өшірулі (күту режимінде) болғанда және негізгі қосқыш (А6) басылған кезде (1-сурет),  түймесін (В4) басқару тақтасындағы  шамы жанғанша басып тұрыңыз;
2. Бұл функцияны ажырату үшін  түймесін (В2) басыңыз.  шамы жыпылықтайды;
3. Бұл функцияны қайта іске қосу үшін,  түймесін (В2) тағы да басыңыз:  шамы жанады;
4. Растау үшін  /  түймесін (В9) басыңыз.  шамы сөнеді.



Содан кейін қуат үнемдеу параметрі бағдарламаланады.

Ескеріңіз!

- Қуат үнемдеу режимінде болған кезде, бірінші кофе құйылғанша бірнеше секунд өтуі мүмкін, себебі құрылғы қайта қызуы керек.

9. ТЕМПЕРАТУРАНЫ ОРНАТУ

Кофе жасау үшін пайдаланылатын судың температурасын өзгерту үшін, мыналарды орындаңыз:

1. Құрылғы өшірулі (күту режимінде) болғанда және негізгі қосқыш (А6) I күйінде (1-сурет) болған кезде,  түймесін (В2) басқару тақтасындағы шамдар жанғанша басып тұрыңыз;
2. Қажетті температураны орнату үшін  түймесін басыңыз:



3. Таңдауды растау үшін  /  түймесін (В9) басыңыз. Шамдар сөнеді.

10. СУ ЖҰМСАРТҚЫШ СҮЗГІ

Кейбір үлгілерге су жұмсартқыш сүзгі (С4) бекітіледі. Егер сіздегі үлгіде ондай болмаса, De'Longhi тұтынушыны қолдау қызметтерінен сатып алуды ұсынамыз.

Сүзгіні дұрыс пайдалану үшін, төмендегі нұсқаларды орындаңыз.

10.1 Сүзгіні орнату

1. Құрылғыны іске қосыңыз және ол пайдалануға дайын болғанша күтіңіз.
2. Сүзгіні (С4) орамынан шығарыңыз. Күн индикаторы дискісі берілген сүзгіге (8-сурет) байланысты әр түрлі болады;
3. Күн дискін қолданудың келесі 2 айы көрінгенге дейін бұраңыз.

Ескеріңіз

Құрылғы дұрыс пайдаланылса, бұл сүзгі екі айға жарамды болады. Егер кофе құрылғысы сүзгісі енгізілген күйде пайдаланылмай қалса, сүзгі тек 3 аптаға дейін жарамды болады.

4. Сүзгіні іске қосу үшін, 9-суретте көрсетілгендей етіп сүзгі ішіндегі тесік арқылы су ағызыңыз, су бүйірдегі тесіктерден бір минуттан астам ағуы керек;
5. Ыдысты (А7) құрылғыдан шығарып, сумен толтырыңыз;
6. Сүзгіні су ыдысына салып, шамамен он секундтай толық батырыңыз да, ауа көпіршіктерін шығарып жіберу үшін абайлап қисайтыңыз және басыңыз (10-сурет).
7. Сүзгіні корпусына салыңыз және орнына жеткенше басыңыз (11-сурет);
8. Ыдыстың қақпағын (12-сурет) жауып, ыдысты құрылғыдағы орнына салыңыз;
9. Капучино жасағыш/ыстық су шүмегінің (А18) астына ең аз сыйымдылығы 500 мл болатын ыдысты қойыңыз.
10. Бу/ыстық су дөңгелегін (А21) I күйіне бұрау арқылы ыстық су құйыңыз.
11. Кемінде 500 мл су құйыңыз, сосын бу/ыстық су дөңгелегін 0 күйіне бұраңыз.

Содан кейін сүзгі белсенді болады және кофе құрылғысын пайдалана аласыз.

Ескеріңіз:

Сүзгіні орнату үшін кейде ыстық суды бір рет ағызу жеткіліксіз және орнату барысында шамдары жанады.



Егер бұл қайталанса, орнату процедурасын 8-қадамнан бастап қайталаңыз.

Содан кейін сүзгі белсенді болады және кофе құрылғысын пайдалана аласыз.

10.2 Су жұмсартқыш сүзгіні алу және ауыстырып салу

Екі айдан соң (күн көрсеткішін көріңіз) немесе құрылғы 3 апта бойы пайдаланылмаса, сүзгіні ауыстырыңыз:

1. Ыдысты (A7) және бітеліп қалған сүзгіні (C4) шығарыңыз;
2. Сүзгіні ауыстыру үшін жаңа сүзгіні қаптамасынан шығарып, осыған дейінгі бөлімде сипатталған нұсқауларды орындаңыз.

Осы кезде сүзгі белсендіріледі.

11. RINSING (ШАЮ)



Бұл функцияны кофе шүмектерінен (A11) және құрылғының ішкі айналымын тазалау және қыздыру үшін пайдаланыңыз.

Ыстық су және кофе шүмектерінің астына ең аз сыйымдылығы 100 мл болатын ыдысты қойыңыз.



Маңызды! Күйіп қалу қаупі бар.

Ыстық су құю барысында құрылғыны қараусыз қалдырмаңыз.

- 1) Бұл функцияны іске қосу үшін,  түймесін (B5) басыңыз;
- 2) Бірнеше секундтан соң, құрылғының ішкі айналымын тазалау және қыздыру үшін кофе шүмектерінен ыстық су ағады.
- 3) Бұл функцияны қолмен тоқтату үшін,  түймесін тағы да басыңыз.



Ескеріңіз!


- Егер құрылғы 3-4 күн бойы пайдаланылмаған болса, қайта іске қосқан кезде оны пайдаланбас бұрын 2/3 рет шаюды қатаң ұсынамыз;
- Қақ тазалап болған соң, тартылған кофе ыдысында (A13) судың болуы – қалыпты жағдай.

12. КОФЕ ДЭНДЕРІНЕН КОФЕ ЖАСАУ

12.1 Кофе дәмін таңдау

Қажетті дәмді орнату үшін кофе дәмін таңдау тетігін (B6) бұраңыз. Сағат тілі бойынша бұрағанда машинада тартылатын кофе дәндерінің мөлшері көбейтіледі, одан кейін кофең күштілігі арттырылады.

Өте сұйық кофе алу үшін тетікті MIN бағытына, ал өте қою кофе алу үшін MAX бағытына бұраңыз.



Ескеріңіз:

- Құрылғыны бірінші рет пайдаланған кезде, тексеріп көру және қателер жіберу арқылы тетіктің дұрыс бағытын анықтау үшін бірнеше кесе кофе жасау керек болады.
- Тетікті MAX деңгейіне қарай өте қатты жақын орнатпаңыз, әйтпесе кофе өте баяу құйылуы (тамшылап), әсіресе бірден екі кесе кофе жасағанда бауылауы мүмкін.

12.2 Кофе тартқышты реттеу

Кофе тартқыш әдепкі параметр бойынша кофеңі дұрыс дайындайтындай етіп орнатылады және оны реттеудің қажеті жоқ. Дегенмен, алғашқы бірнеше кесе кофеңі жасағаннан кейін кофеңің өте әлсіз және кілегейлі емес екендігі немесе оның өте жай құйылатыны байқалса (тамшылап тұрса), оны тартуды реттеу деңгелегін (A5) (13-сурет) реттеу арқылы түзетуге болады.



Ескеріңіз:

Тартуды реттеу деңгелегін тек кофе тартқыш жұмыс істеп тұрған кезде ғана бұрау керек.




Егер кофе өте баяу құйылса немесе мүлдем құйылмаса, деңгелекті сағат тілі бағытымен "7" санына қарай бір рет "сырт" еткізіп бұраңыз.

Толық кілегейлі кофе жасау үшін, сағат тілі бағытына қарсы 1 санына қарай бір рет "сырт" еткізіп бұраңыз (бір бұрағанда бір реттен артық "сырт" еткізіп бұрамаңыз, әйтпесе кофе тамшылап құйылуы мүмкін). Өзгерістің нәтижесі кемінде 2 кесе кофе жасаған соң білінеді. Егер бұл реттеу қажетті нәтижені бермесе, деңгелекті тағы бір рет "сырт" еткізіңіз.

12.3 Ыстығырақ кофе алу туралы кеңестер

Ыстығырақ кофе алу үшін мыналарды орындаңыз:

-  түймесін (B5) басу арқылы шаю циклін орындаңыз;
- кеселерді ыстық су функциясымен жылытыңыз ("15. Ыстық су құю" бөлімін көріңіз);
- кофе температурасын арттырыңыз ("9. Температураны орнату"-бөлімін қараңыз).

12.4 Кофе құю

 **Маңызды!**

Ешқашан жасыл, карамельденген немесе қант қосылған кофе дәндерін пайдаланбаңыз, себебі олар кофе тартқышқа жабысып, оны пайдалануға жарамайтын етуі мүмкін.

1. Ыдысты (A4) кофе дәндерімен толтырыңыз (14-сурет);
2. Кофе шүмектерінің (A11) астына орналастырыңыз:
 - 1 кесе кофе жасағыңыз келсе, 1 кесе қойыңыз (15-сурет);
 - 2 кесе кофе жасағыңыз келсе, 2 кесе қойыңыз.
3. Шүмектерді кеселерге қарай мүмкіндігінше төмендетіңіз. Кілегейлі кофе осылай жасалады (16-сурет);
4. Қажетті кофені таңдаңыз:

Рецепт	Мөлшері	Бағдарламаланатын мөлшер
Espresso 	≈ 40 мл	≈20 және ≈ 120 мл
2x Espresso 	≈ 40 мл + 40 мл	≈40 және ≈ 240 мл
Coffee 	≈ 180 мл	≈100 және ≈ 240 мл
* Long 	≈ 160 мл	≈115 және ≈ 250 см ³
* Doppio + 	≈ 120 мл	≈ 80 және ≈ 180 мл

(* әр үлгіде әр түрлі болады)

5. Дайындау басталады және басқару тақтасында (B) таңдалған түймеге қатысты шам жыпылықтайды.

 **Ескеріңіз:**

- Құрылғы кофе дайындап жатқан кезде, ағынды кез келген уақытта кофе түймелерінің біреуін басу арқылы тоқтатуға болады.
- Құйылып болған соң кеседегі кофе мөлшерін көбейту үшін, кофе белгішелерінің бірін бассаңыз болғаны (3 секунд ішінде).


Кофе жасалған соң, құрылғы келесі сусынды жасауға дайын болады.

 **Ескеріңіз:**

- Қолдану кезінде басқару тақтасында (B) индикатор шамдары көрінуі мүмкін. Олардың мағынасы "20. Шамдар түсіндірмесі" бөлімінде берілген.
- Ыстығырақ кофе туралы "12.3 Ыстығырақ кофе алу туралы кеңестер" бөлімінен көріңіз.
- Егер кофе тамшылап құйылса, тым сұйық болса және жеткілікті деңгейде кілегейлі болмаса немесе тым салқын болса, "21. Ақаулықтарды жою" бөліміндегі кеңестерді оқыңыз.

13. ТАРТЫЛҒАН КОФЕДЕН КОФЕ ЖАСАУ

 **Маңызды!**

- Ұнтақ кофе воронкасына ешқашан кофе дәндерін салмаңыз, себебі олар құрылғыны бұзуы мүмкін.
- Құрылғы өшірулі болған кезде ешқашан тартылған кофені салмаңыз, әйтпесе ол құрылғының қуыс-қуыстарына таралып, оны былғауы мүмкін. Бұл құрылғыны зақымдауы мүмкін.
- Ешқашан 1 деңгейлі мөлшерден (C2) артық пайдаланбаңыз, әйтпесе ол кофе құрылғысының ішін былғауы немесе воронканы (A4) бітеп тастауы мүмкін. Қолданылатын кофенің мөлшерін ескере отырып, " 2x Espresso" (2 кесе эспрессо)(B3), " Coffee" (Кофе) (B8) немесе " Doppio+" (Доппио+) (B9) (тек кейбір үлгілерде) дайындау ұсынылмайды.



i Ескеріңіз:

Тартылған кофені пайдаланған кезде, бір уақытта тек бір кесе кофе жасауға болады.

1. Құрылғының қосулы екеніне көз жеткізіңіз;
2. Кофе дәмін таңдау дөңгелегін (B6) сағат тіліне қарсы ☞ күйіне қарай барынша бұраңыз.



3. Воронканың (A4) бітеліп қалмағанына көз жеткізіп, бір деңгей мөлшеріндегі (C2) тартылған кофені салыңыз (17-сурет).
4. Кофе шүмектерінің (A11) астына бір кесе қойыңыз.
5. Тиісті 1 кесе түймесін басыңыз.
6. Дайындау басталады.

! Маңызды! "☐ Long" (Ұзын кесе) кофесін жасау (B9) (тек кейбір үлгілерде):

Дайындау процесінің жартысына келген кезде, құю тоқтайды да, ⚠ шамы жанып, ☐ шамы жыпылықтайды. Тартылған кофенің бір деңгей мөлшерін салып, "☐ Long" (Ұзын кесе) түймесін басыңыз.

i Ескеріңіз:

егер "Қуат үнемдеу" режимі белсенді болса, бірінші кофе құйылмас бұрын бірнеше секунд күту керек болуы мүмкін.

13.1 Кесеге құйылатын мөлшерді таңдау

Құрылғы автоматты түрде кесеге құятын кофе мөлшерін өзгерту үшін, төмендегіні орындаңыз:

1. кофе шүмектерінің (A11) астына жеткілікті үлкен кесені немесе шыныаяқты қойыңыз;
2. өзгертілетін мөлшерге қатысты түймені басыңыз және оны шам жыпылықтағанша және құрылғы кофе құюды бастағанша басып тұрып, босатыңыз;
3. кеседегі кофе қажетті деңгейге жеткен соң, жаңа мөлшерді есте сақтау үшін осы түймені қайта басыңыз. ("12.4 Кофе құю" бөліміндегі кестені көріңіз).

Құрылғы сол кезде жаңа мөлшерлермен бағдарламаланады.

14. КАППУЧИНО ЖАСАУ

☐ Күйіп қалу қаупі бар!

Дайындау барысында бу шығады. Күйіп қалудан сақ болыңыз.

1. Каппучино жасаған кезде, кофені үлкен кесеге жасаңыз;
2. Ыдысқа (мүмкін болса, күйіп қалудан сақ болу үшін сабы бар ыдысты пайдаланыңыз) әрбір капучино үшін шамамен 100 грамнан сүт құйыңыз. Ыдыс өлшемін таңдаған кезде, ыстық сүт екі не үш есе ұлғаятынын ескеріңіз;

i Ескеріңіз:

Қоюлау және көбірек көпіршікке қол жеткізу үшін, тоңазытқышта (шамамен 5°C) сақталған шайқалған немесе жартылай шайқалған сүтті пайдаланыңыз. Сүттің көпіршігінің нашар болуына немесе көбіктердің үлкен болуына жол бермеу үшін, капучино жасағышты әрқашан "16. Тазалау" бөлімінде сипатталғандай етіп тазалаңыз.

3. Тек реттелмелі капучино жасағышы бар үлгілер үшін:

- Каппучино құрылғысын таңдау сақинасының (A20) CAPPUCCINO бағытына қарай төмен орналасқанына көз жеткізіңіз (18-сурет);
4. Кез келген көлемдегі ыдысты сыйғызу үшін капучино жасағышты (A18) аздап бұрауға болады;
 5. Каппучино жасағышты сүт ыдысына батырыңыз;
 6. ☐ түймесін (B4) басыңыз;
 7. Бірнеше секундтан соң ☐ түймесінің шамы жыпылықтаған кезде, бу дөңгелегін (A21) I бағытына (6-сурет) бұраңыз. Каппучино жасағыштан бу шығып, кофеге кілегейлі көбік түрін және үлкенірек көлем береді;
 8. Қоюырақ көбік алу үшін ыдысты жайлап бұрап, түбінен жоғары қарай жылжытыңыз. (Бу құрылғыдан 3 минуттан артық уақыт бойы үздіксіз шығарылмауы тиіс).

9. Қалаған көпіршікті алған соң, тетікті "0" бағытына бұрау арқылы буды тоқтатыңыз.



Күйіп қалу қаупі бар!

Тоқтату: қайнап жатқан сүттің шашырауынан күйіп қалуға жол бермес үшін, көпіршікті сүті бар ыдысты алмас бұрын буды тоқтатыңыз.

10. Сүт көпіршігін бұған дейін дайындалған кофеге қосыңыз. Каппучино дайын. Дәмді тәттілендіріңіз және қажет болса көпіршітілген сүтке шамалы какао ұнтағын себіңіз.



Ескеріңіз!

Егер "Қуат үнемдеу" режимі белсенді болса, бу шығарылмас бұрын бірнеше секунд күту керек болуы мүмкін.

14.1 Каппучино жасағышты пайдаланып болған соң тазалау

Сүт қалдықтарының жиналуына және бітеліп қалуға жол бермес үшін, каппучино жасағышты (A18) әрбір қолданыстан кейін тазалап отырыңыз.



Күйіп қалу қаупі бар!

Каппучино жасағышты тазалап жатқан кезде шүмектен шамалы ыстық су ағады. Ыстық су шашырандысынан абай болыңыз.

1. Бу/ыстық су дөңгелегін (A21) I бағытына бұрау арқылы шамалы су ағызыңыз. Сосын тетікті 0 бағытына қайта бұрау арқылы құюды тоқтатыңыз.
2. Каппучино жасағыш суығанша бірнеше минут күтіңіз. Каппучино жасағышты алу үшін оны төмен бұрап алыңыз (19-сурет).
3. **Тек реттелмелі каппучино жасағышы бар үлгілер үшін:** Сақинаны (A20) 20-суретте көрсетілген тесік ашылғанша жоғары қарай жылжытыңыз.
4. Қондырманы (A19) төмен қарай тартып шығарыңыз (21-сурет).
5. 22-суреттегі көрсеткімен көрсетілген екі тесіктің бітелмегенін тексеріңіз. Қажет болса, инемен тазартыңыз.
6. Қондырманы орнына салып, каппучино жасағышты қондырмаға жоғары қарай итеру және орнына түскенше бұрау арқылы қайта енгізіңіз.

15. ЫСТЫҚ СУ ҚҰЮ



Маңызды! Күйіп қалу қаупі бар.

Ыстық су құю барысында құрылғыны ешқашан қараусыз қалдырмаңыз. Құю кезінде капучино жасағыштың шүмегі (A18) қызады.

1. Каппучино жасағыш астына ыдыс қойыңыз (шашыраудың алдын алу үшін барынша жақын қойыңыз).
2. Бу/ыстық су дөңгелегін (A21) I күйіне (6-сурет) бұраңыз.
3. Ыстық су құйылуын қолмен тоқтату үшін, бу/ыстық су дөңгелегін 0 бағытына бұраңыз.



Ескеріңіз!

Егер "Қуат үнемдеу" режимі белсенді болса, ыстық су және бу шығарылмас бұрын бірнеше секунд күту керек болуы мүмкін..

16. ТАЗАЛАУ

16.1 Құрылғыны тазалау

Құрылғының мына бөліктерін тұрақты түрде тазалап отыру керек:

- құрылғының ішкі айналымы;
- тартылған кофе ыдысы (A13);
- тамшы науасы (A14), тамшы науасының торы* (A15) және конденсат су жиналу ыдысы (A12);
- су ыдысы (A7);
- кофе шүмектері (A11);
- каппучино жасағыш (A18) ("16. Тазалау");
- тартылған кофе воронкасы (A4);
- демдеу торы (A9), демдеу торының қақпағын (A8) ашқан соң қол жетімді болады;
- басқару тақтасы (B).




Маңызды!

- Кофе құрылғысын тазалау үшін еріткіштерді, қырғыш заттарды немесе спиртті пайдаланбаңыз. De'Longhi суперавтоматты кофе машиналарымен тазалау мақсаты үшін ешбір химиялық заттың қажеті жоқ.
- Тамшы науа торынан* (A15) басқа құрылғының кез келген құрамдас бөлшегін ыдыс аяқ жуғышта жууға болмайды.
- Қоқымдарды және кофе қалдықтарын кетіру үшін металдан жасалған заттарды пайдаланбаңыз, себебі олар құрылғының

металл немесе пластмасса бөліктерін сырып тастауы мүмкін.

16.2 Ішкі айналымды тазалау

Құрылғы 3/4 күн бойына қолданылмайтын болса, оны қайтадан қолданбас бұрын, оны қайта қосуды және мына әрекеттерді орындауды ұсынамыз:

-  (B5) түймесін басу арқылы 2/3 шау циклін орындаңыз;
- ыстық суды бірнеше секунд бойы ағызу ("15. Ыстық су құю" бөлімі).

Ескеріңіз:

Қақ тазалап болған соң, тартылған кофе ыдысында (A13) судың болуы – қалыпты жағдай.

16.3 Тартылған кофе ыдысын тазалау

☞ шамы жыпылықтаған кезде, тартылған кофе ыдысы (A13) босатылуы және тазалануы керек. Бұл құрылғы тартылған кофе ыдысы тазаланбайынша кофе жасау үшін пайдаланылмайды. Толық болмаса да, бірінші кофе дайындалғаннан кейін 72 сағат ішінде тартылған кофе ыдысын босату туралы хабар (empty grounds container) көрсетіледі. 72 сағатты дұрыс есептеу үшін, құрылғыны қуат қосқышымен (A6) ешқашан өшірмеу керек.

Маңызды! Күйіп қалу қаупі бар

Егер бірнеше капучиноны бірінен соң бірін жасасаңыз, металдан жасалған кесе науасы (A17) қызады. Оны ұстамас бұрын суығанын күтіп, тек алдынан ғана ұстаңыз.

Тазалау үшін (тек құрылғымен):

- Тамшы науасын (A14) (23-сурет) шығарыңыз, босатыңыз және тазалаңыз.
- Тартылған кофе ыдысын (A13) босатып, түбінде қалған барлық қалдықтарды кетіру үшін мұқият тазалаңыз.
- Конденсат суы жиналатын қызыл науаны (A12) (23-сурет) тексеріп, қажет болса босатыңыз.

16.4 Тамшы науасын және су жиналу науасын тазалау

Маңызды!

Тамшы науасы (A14) ондағы су деңгейін көрсететін мөлшер көрсеткішімен (A16)

(қызыл) белгіленген (24-сурет). Осы көрсеткіш кесе науасынан шығып тұрғанға дейін тамшы науасы (A17) босатылуы және тазалануы керек, әйтпесе су жиіктен тасып, құрылғыны, ол орналасқан бетті немесе қоршаған аймақты зақымдауы мүмкін.

Тамшы науасын алу үшін:

1. Тамшы науасын және тартылған кофе ыдысын (A13) (23-сурет) шығарыңыз;
2. Кеселер науасын (A17) және тапшы науасының торын* (A15) шығарып, тамшы науасы мен тартылған кофе ыдысын босатыңыз да, барлық бөлшектерді жуыңыз;
3. Қызыл су жиналу науасын (A12) тексеріңіз және қажет болса босатыңыз;
4. Болған соң торы* бар тамшы науасы мен тартылған кофе ыдысын орындарына салыңыз.

Маңызды!

Тамшы науасын алып жатқан кезде тартылған кофе ыдысын тіпті онда шамалы кофе қалса да босату керек.

Егер босатылмаса, келесі кофелерді жасаған кезде, тартылған кофе ыдысы шамадан тыс толып кетіп, құрылғы арналарын бітеуі мүмкін.

16.5 Құрылғының ішін тазалау

Ток соғу қаупі бар!

Ішкі бөліктерді тазаламас бұрын, құрылғыны өшіру ("5. Құрылғыны өшіру" бөлімін көріңіз) және розеткадан ажырату керек. Құрылғыны ешқашан суға батырмаңыз.

1. Құрылғының іші (тамшы науасын (A14) алған соң қол жетімді болады) кірлемегенін тұрақты түрде (шамамен аптасына бір рет) тексеріп отырыңыз. Қажет болса, кофе қалдықтарын щеткамен және губкамен тазалаңыз;
2. Барлық қалдықтарды шаңсорғышпен тазалаңыз (25-сурет).

16.6 Су ыдысын тазалау

1. Су ыдысын (A7) тұрақты түрде (шамамен айына бір рет және су жұмсартқыш сүзгіні (C4) (егер бар болса) орнына салған сайын) дымқыл шүберекпен және шамалы жұмсақ ыдыс жуғыш сұйық затпен тазалап отырыңыз;

- Сүзгіні алыңыз (C4) (егер бар болса) және ағынды сумен шайыңыз;
- Сүзгіні орнына салыңыз (орнатылған болса), ыдысты таза сумен толтырып, орнына салыңыз;
- (Тек су жұмсартқыш сүзгісі бар үлгілер) Шамамен 100 мл су жеткізеді.

16.7 Кофе шүмектерін тазалау

- Кофе шүмектерін (A11) губкамен немесе шүберекпен тұрақты түрде тазалап отырыңыз (26А сур.);
- Кофе шүмектеріндегі тесіктердің бітеліп қалмағанын тексеріңіз. Қажет болса, кофе қалдықтарын тіс тазартқышпен кетіріңіз (26В сур.).

16.8 Тартылған кофе воронкасын тазалау

Тартылған кофе воронкасының (A4) бітелмегенін тұрақты түрде (шамамен айына бір рет) тексеріп тұрыңыз. Қажет болса, кофе қалдықтарын щеткамен тазалаңыз.

16.9 Демдеу торын тазалау

Демдеу торын (A9) кемінде айына бір рет тазалап отыру керек.

Маңызды!

Құрылғы іске қосуды болған кезде демдеу торын шығарып алуға болмайды.

- Құрылғының дұрыс өшірілгеніне көз жеткізіңіз ("5. Құрылғыны өшіру" бөлімін көріңіз);
- Су ыдысын (A7) шығарыңыз;
- Құрылғының оң жағындағы демдеу торы орнының қақпағын (A8) (27-сурет) ашыңыз;
- Екі түрлі-түсті босату түймелерін ішке қарай басып тұрып, демдеу торын сыртқа қарай тартып шығарыңыз (28-сурет);
- Демдеу торын суға шамамен 5 минут батырып қойып, ағынды су астында шайыңыз;

Маңызды!

ТЕК СУМЕН ШАЮ

ЫДЫС ЖУҒЫШ СҮЙЫҚ ЗАТТЫ ЖӘНЕ ЫДЫС ЖУҒЫШ МАШИНАНЫ ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ

Демдеу торын ыдыс жуғыш сұйық затсыз тазалаңыз, себебі ол зақымдануы мүмкін.

- Демдеу торының корпусында (демдеу торы орнының қақпағы арқылы көрінеді)

қалған кез келген кофе қалдығын кетіру үшін арнайы щетканы пайдаланыңыз;


- Тазалаған соң демдеу торын ішкі тірекке қарай сырғыту арқылы орнына салып, «сырт» етіп орнына түскенше PUSH (ИТЕРУ) белгісін толық енгенше ішке қарай басыңыз;

Ескеріңіз:

Егер демдеу торын енгізу қиын болса, енгізбес бұрын оны екі ілгекті басу арқылы тиісті өлшемге бейімдеңіз (29-сурет).

- Салынған соң, екі түсті түйменің шыққанына көз жеткізіңіз;
- Демдеуіш қақпағын жабыңыз;
- Су ыдысын орнына салыңыз.




17. ҚАҚ ТАЗАЛАУ

Басқару тақтасындағы  шамы жыпылықтаған кезде құрылғы қағын тазалаңыз.

Маңызды!

- Қақ тазалағыш құрамында теріні және көздерді тітіркендіруі мүмкін қышқылдар бар. Өнім жасаушысының қақ тазалағыш орамында берген ескертулерін және теріге және көздерге тиген жағдайда орындалатын процедураларға қатысты ескертулерді міндетті түрде ескеру керек.
- Тек De'Longhi қақ тазалағышын ғана пайдалану маңызды болып табылады. Басқа қақ тазалағышты пайдалану және/немесе қақ тазалауды дұрыс орындамау өнім жасаушысының кепілдігінде қаралмаған ақаулықтарға себеп болуы мүмкін.

- Құрылғыны іске қосыңыз және ол пайдалануға дайын болғанша күтіңіз.
- Су ыдысын (A7) босатып, су жұмсартқыш сүзгіні (C4) алыңыз (егер болса).
- Қақ тазалағышты (C3) ыдыстың артында белгіленген (30-сурет) А деңгейіне дейін құйып (100 мл орамына қатысты); сосын В деңгейіне (30-сурет) дейін су (1 литр) құйыңыз.
- Капучино жасағыштың (A18) және кофе шүмектерінің (A11) (31-сурет) астына көлемі кемінде 1 литр болатын бос ыдысты қойыңыз.

5. Ерітіндіні қосқаныңызды растау және қақ тазалау процедурасын бастау үшін,  түймесін (B5) кемінде 5 секунд басып тұрыңыз. Түйме  шамы қақ тазалау бағдарламасының басталғанын көрсету үшін тұрақты болып жанады.  шамы бу дөңгелегін I бағытына бұрауды сұрау үшін жыпылықтайды.





Маңызды! Күйіп қалу қаупі бар


Ыстық су/бу және кофе шүмектерінен құрамында қышқылды бар ыстық су ағады. Ыстық су шашырандысынан абай болыңыз.

6. Бу дөңгелегін (A21) I бағытына қарай сағат тілі бағытына қарсы жартылай бұраңыз. Қақ тазалау ерітіндісі каппучино жасағыштан астына қойылған ыдысқа ағады.

Қақ тазалау бағдарламасы барлық қақты тазалау үшін автоматты түрде бірнеше шаю және кідіру әрекеттерін орындайды. Шаю қадамдарының арасында бірнеше минутқа созылатын кідірістер – қалыпты нәрсе.


Шамамен 25 минуттан соң, су ыдысы босайды,  және  шамдары жыпылықтайды. Бу тетігін 0 бағытына барғанша сағат тілі бағытымен бұраңыз.

7. Одан кейін құрылғы таза сумен шаюға дайын болады. Қақты тазалау ерітіндісін жинау үшін қолданылатын контейнерді босатыңыз. Су ыдысын шығарып, босатыңыз да, ағын судың астында шайыңыз, таза сумен MAX деңгейіне дейін толтырып, құрылғыға қайта салыңыз:  шамы жыпылықтайды.
8. Бос қақты тазалау ерітіндісін жинау үшін қолданылатын ыдысты каппучино жасағыштың және кофе шүмектерінің астына қойыңыз (31-сурет);
9. Шаюды бастау үшін бу/ыстық су дөңгелегін I бағытына бұраңыз. Кофе шүмектерімен орындалатын жұмысты жалғастыру және аяқтау үшін ыстық су алдымен каппучино жасағыштан беріледі.
10. Су ыдысы толық босаған кезде,  және  шамдары басқару тақтасында жанады. Бу/ыстық су дөңгелегін 0 бағытына бұраңыз.

11. Шаятын суды жинау үшін қолданылатын контейнерді босатыңыз. Су ыдысын шығарыңыз, суды жұмсартқыш сүзгіні орнына салыңыз (егер осыған дейін алынған болса) босатыңыз, ағын су астында шайыңыз және салқын сумен MAX деңгейіне дейін толтырып, құрылғыға салыңыз.  бу шамы жыпылықтайды.

12. Шайылатын суды жинау үшін қолданылатын бос ыдысты каппучино жасағыштың астына қойыңыз;

13. Бу/ыстық су дөңгелегін I бағытына бұраңыз. Шаю тек қана каппучино жасағыштан жалғастырылады.

14. Аяқтаған кезде  бу шамы басқару тақтасында жыпылықтайды. Бу/ыстық су дөңгелегін 0 бағытына бұраңыз.

15. Таза сумен су ыдысын MAX деңгейіне дейін толтырып, кері құрылғыға қойыңыз.

Қақ тазалау циклі осымен бітеді.

Ескеріңіз!

- Егер қақ тазалау дұрыс орындалмаса (мысалы, жарық жоқ), циклді қайталауды ұсынамыз;
- Қақты тазалап болғаннан кейін тартылған кофе ыдысында (A13) судың болуы – қалыпты жағдай;
- Су ыдысы MAX деңгейіне дейін толтырылатын болса, қақты тазалау соңында құрылғының ішкі айналымынан қақ тазалағыш ерітінді толығымен жойылмайтынына кепілдеме беру үшін үшінші рет шаюды сұрайды.

18. СУ ҚАТТЫЛЫҒЫН ОРНАТУ

Қақ тазалауды орнатылған су қаттылығына сай белгіленген уақыт кезеңінен кейін орындап отыру керек.

Құрылғы әдепкі параметр бойынша су қаттылығының 4-деңгейіне орнатылады. Сонымен қатар, бұл құрылғыны әр түрлі аймақтардағы құбыр суының қаттылығына сай бағдарламалау арқылы құрылғыны сирегірек тазалау қажет болатындай етіп орнатуға болады.

18.1 Су қаттылығын өлшеу

1. TOTAL HARDNESS TEST (ТОЛЫҚ ҚАТТЫЛЫҚТЫ ТЕКсеру) индикаторын

- қағазынан (C1) шығарыңыз (ағылшын тіліндегі нұсқауларға тіркелген);
- Қағазды стакандағы суға бір секундқа толығымен батырып алыңыз;
 - Қағазды судан шығарып, жайлап сілкіңіз. Шамамен бір минуттан соң 1, 2, 3 немесе 4 қызыл шаршы судың қаттылығының деңгейіне қарай көрінеді. Әрбір шаршы бір деңгей болып есептеледі;

Индикатор қағазы	Су қаттылығы	Тиісті параметр
	low (төмен)	
	medium (орташа)	
	high (жоғары)	
	maximum (максималды)	

18.2 Су қаттылығын орнату

- Құрылғының өшкеніне (бірақ розеткаға қосылғанына және негізгі қосқыштың (A6) I бағытында екеніне) көз жеткізіңіз;
- түймесін (B5) кемінде 5 секунд басып тұрыңыз. , , және шамдары бірге жанады;
- Нақты су қаттылығын (индикатор қағазымен өлшенгендей - алдыңғы бөлімдегі кестені көріңіз) орнату үшін түймесін (B2) басыңыз.
- Таңдауды растау үшін / түймесін (B9) басыңыз.

Құрылғы сол кезде жаңа су қаттылығының параметрімен бағдарламаланады.





19. ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР

Кернеу: 220-240 В~ 50/60 Гц макс.10 А
Жұтылатын қуат: 1450 Вт
Қысым: 1,5 МПа (15 бар)
Су ыдысының ең жоғарғы сыйымдылығы: 1,8 л
ҰхДхБ өлшемі: 240x440x360 мм
Сым ұзындығы: 1150 мм
Салмағы: 9,2 кг
Кофе дәндері ыдысының ең жоғарғы сыйымдылығы: 250 г







ШАМДАР ТҮСІНДІРМЕСІ

КӨРСЕТИЛЕТІН ШАМДАР	ЫҚТИМАЛ СЕБЕБІ	ШЕШІМІ
 ЖЫПЫЛЫҚТАУ	Бу/ыстық су дөңгелегі (A21) бағытына бұралуы тиіс	Бу/ыстық су дөңгелегін бұраңыз
 ЖЫПЫЛЫҚТАУ	Ыдыстағы (A7) су жеткіліксіз	Су ыдысын толтырыңыз және/немесе "сырт" етіп орнына килгенше итеру арқылы дұрыстап салыңыз.
 ЖАНУ	Ыдыс (A7) орнында жоқ немесе дұрыс салынбаған	Ыдысты "сырт" етіп орнына түскенге дейін итеру арқылы дұрыстап салыңыз.



КӨРСЕТИЛЕТІН ШАМДАР	ЫҚТИМАЛ СЕБЕБІ	ШЕШІМІ
 <p>ЖЫПЫЛЫҚТАУ</p>	<p>Тартылған кофе ыдысы (A13) толып кеткен</p>	<p>Тартылған кофе ыдысы мен тамшы науасын (A14) босатыңыз, тазалаңыз да орындарына салыңыз. Маңызды: тамшы науасын шығарып жатқан кезде, тартылған кофе ыдысы айтарлықтай толық болмаса да босатылған болуы керек. Егер босатылмаса, келесі кофелерді жасаған кезде, тартылған кофе ыдысы шамадан тыс толып кетіп, құрылғы арналарын бітеуі мүмкін.</p>
 <p>ОН (ҚОСУЛЫ)</p>	<p>Тазалаған тартылған кофе ыдысы (A13) орнына салынбаған</p>	<p>Тамшы науасын (A14) шығарып, тартылған кофе ыдысын орнына салыңыз.</p>
 <p>ЖЫПЫЛЫҚТАУ</p>	<p>Тартылған кофе тым майда және кофе өте жай құйылуда немесе мүлдем құйылмауда</p>	<p>Кофені тағы да құйып көріңіз және кофе тартқыш жұмыс істеп тұрған кезде тартуды реттеу дөңгелегін (A5) сағат тілі бағытымен "7" санына қарай бұраңыз (13-сурет). Егер 2 кесе кофе құйылғаннан кейін әлі де жай құйылса, тартуды реттеу дөңгелегін құйылу дұрысталғанша тағы бір рет "сырт" еткізіп бұрау арқылы дұрыстау процедурасын қайталаңыз (мына бөлімді қараңыз: "12.2 Кофе тартқышты реттеу"). Егер проблема жойылмаса, бу/ыстық су дөңгелегін (A21) I бағытына бұрап, капучино жасағыштан (A18) біраз су ағызыңыз.</p>
 <p>ЖЫПЫЛЫҚТАУ</p>	<p>Егер су жұмсартқыш сүзгі (C4) болса, түтіктерден ауа көбігі шығып, құюға кедергі жасауы мүмкін</p>	<p>Бу/ыстық су дөңгелегін (A21) I бағытына қарай ағын тұрақтанғанша бұрау арқылы капучино жасағыштан (A18) біраз су ағызыңыз (5-сурет).</p>
<p>ЖЫПЫЛЫҚТАУ</p>	<p>Кофе дәндері таусылған</p>	<p>Дәндер ыдысын толтырыңыз (A3 - 14-сурет).</p>



КӨРСЕТИЛЕТІН ШАМДАР	ЫҚТИМАЛ СЕБЕБІ	ШЕШІМІ
 <p>ЖЫПЫЛЫҚТАУ ЖАНУ</p>	<p>Воронкаға (А4) тартылған кофе салынбаса да, кофені алдын ала тарту функциясы таңдалған</p> <p>Тартылған кофе воронкасы (А4) бітеліп қалған</p>	<p>Воронкаға (17-сурет) алдын ала тартылған кофені салыңыз немесе кофені алдын ала тарту функциясынан бас тартыңыз.</p> <p>Воронканы "16.8 Тартылған кофе воронкасын тазалау" бөлімінде сипатталғандай етіп щеткамен босатыңыз.</p>
 <p>ЖЫПЫЛЫҚТАУ</p>	<p>Құрылғы қағын тазалау керек</p>	<p>"17. Қақ тазалау" бөлімінде сипатталған қақ тазалау процедурасы орындалуы керек.</p>
 <p>ЖЫПЫЛЫҚТАУ</p>	<p>Өте көп мөлшердегі кофе пайдаланылған</p>	<p>Дөңгелекті (В6) сағат тіліне қарсы бұрау арқылы жұмсағырақ дәмді таңдаңыз.</p>
	<p>Су айналымы бос</p>	<p>Бу/ыстық су дөңгелегін (А21) I бағытына қарай ағу тоқтағанша бұрып, одан кейін оны 0 бағытына орнатыңыз. Ыстық су немесе бу шығып жатқан кезде дабыл қағылса, дөңгелекті 0 бағытына бұраңыз. Бу/ыстық су дөңгелегін I бағытына қарай ағу тоқтағанша бұрып, одан кейін оны 0 бағытына орнатыңыз. Егер проблема жойылмаса, су ыдысының (А7) толық енгізілгенін тексеріңіз.</p>
 <p>ЖАНУ</p>	<p>Құрылғының іші өте кір</p>	<p>Құрылғының ішін "16. Тазалау" бөлімінде сипатталғандай етіп мұқият тазалаңыз. Бұл хабар тазаланған соң да көрсетілсе, тұтынушыларға қызмет көрсету орталығымен хабарласыңыз.</p>
 <p>ЖЫПЫЛЫҚТАУ</p>	<p>Тазаланғаннан кейін, демдеуіш (А9) орнына салынбаған</p>	<p>Демдеу торын "16.9 Демдеу торын тазалау" бөлімде сипатталғандай етіп енгізіңіз.</p>

20. АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ

Төменде кейбір ықтимал ақаулықтар көрсетілген.

Егер проблема сипатталғандай әдіспен шешілмесе, тұтынушыларды қолдау қызметтерімен хабарласыңыз.

ПРОБЛЕМА	ЫҚТИМАЛ СЕБЕБІ	ШЕШІМІ
The coffee is not hot (Кофе ыстық емес).	Кеселер алдын ала қыздырылмайды.	Кеселерді ыстық сумен шаю арқылы алдын ала жылытыңыз (Ескеріңіз: ыстық су функциясын пайдалана аласыз).
	Құрылғының ішкі айналымдары суып қалған, себебі соңғы кофе жасалғалы 2/3 минут өткен.	Кофе жасамас бұрын, ☞ түймесін (B5) басу арқылы ішкі айналымдарды шайыңыз.
	Төменгі кофе температурасы орнатылды.	Мәзірде ыстығырақ кофе температурасын орнатыңыз ("9. Температураны орнату" бөлімін қараңыз).
Кофе көпіршігі жеткіліксіз.	Кофе тым ірі етіліп тартылған.	Кофе тартқыш жұмыс істеп тұрған кезде тартуды реттеу дөңгелегін (A5) сағат тілі бағытына қарсы "1" санына қарай бір рет бұраңыз (13-сурет). Кофе қанағаттанарлықтай етіп жасалмайынша сыртылдата бұрауды жалғастырыңыз. Нәтиже тек 2 кофе жасаған соң ғана беріледі (мына бөлімді қараңыз: "12.2 Кофе тартқышты реттеу").
	Кофе жарамсыз.	Эспрессо құрылғыларына арналған кофені пайдаланыңыз.
Кофе тым баяу құйылады немесе тамшылап тұрады.	Кофе тым майда етіліп тартылған.	Кофе тартқыш жұмыс істеп тұрған кезде тартуды реттеу дөңгелегін (A5) сағат тіліне қарсы бағытта "7" санына қарай бір рет бұраңыз (13-сурет). Кофе қанағаттанарлықтай етіп жасалмайынша сыртылдата бұрауды жалғастырыңыз. Нәтиже тек 2 кофе жасаған соң ғана беріледі (мына бөлімді қараңыз: "12.2 Кофе тартқышты реттеу").
		→

ПРОБЛЕМА	ЫҚТИМАЛ СЕБЕБІ	ШЕШІМІ
Демдеу торын (A9) шығару мүмкін емес	Құрылғы дұрыс ажыратылмаған	 түймесін (B5) басу арқылы құрылғыны өшіріңіз ("5. Құрылғыны өшіру" бөлімін қараңыз).
Қақ тазалау соңында құрылғы үшінші шаюды талап етеді	Екі шаю циклі барысында су ыдысы MAX деңгейіне дейін толтырылмаған.	Құрылғы көрсететін нұсқауларды орындаңыз, бірақ алдымен су тасып кетпес үшін тамшы науасын (A14) босатыңыз.
Көпіршітілген сүтте үлкен көбіктер бар	Сүт жеткілікті деңгейде салқын емес немесе ол жартылай шайқалмаған	Т о ң а з ы т қ ы ш т е м п е р а т у р а с ы н д а ғ ы (шамамен 5°C) м а й с ы з д а н д ы р ы л ғ а н немесе жартылай майсыздандырылған сүтті пайдаланған жөн. Егер нәтиже сіз қалағандай болмаса, басқа компанияның сүтін пайдаланып көріңіз.
Сүт көпіршітілмеген	Капучино жасағыш (A18) пен бу/ыстық су қосылымының қондырмасы (A19) кірлеген	"16. Тазалау" бөлімде сипатталғандай етіп тазалаңыз.
Бу шығару тоқтатылады	Қауіпсіздік құрылғысы буды тоқтатып тастайды	Бірнеше минут күте тұрыңыз да, бу функциясын қайта қосыңыз.
Құрылғы іске қосылмайды	Құрылғы розеткаға қосылмаған	Ашаны (A10) розеткаға енгізіңіз (1-сурет).
	Басты қосқыш (A6) басылмаған	Басты қосқышты басыңыз (1-сурет).
Шүмектерден кофе ақпайды.	Кофе шүмектері (A11) бітеліп қалған	"16.7 Кофешүмектерін тазалау" бөлімде сипатталғандай етіп тазалаңыз.